“ZIYATKER TURAN”
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
160000, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, ауд. Қаратау, Тассай т.а., 301/3 ғим.
БИН 220440036057
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

ZIYATKER
МЕКТЕБІ

Товарищество с ограниченноі ответственностью
“ZIYATKER TURAN”
160000, Республика Казахстан, город Шымкент, Каратауский р-н, ж.м. Тассай, зд. 301/3
БИН 220440036057,
ziyatkerm@gmail.com
info@ztbil.kz

Даму жоспарының 2026-2031 жылдардағы іске асырылу нәтижелері

Мектептің 2026-2031 жылдарға арналған даму жоспары білім беру сапасын арттыруға, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға, педагогтердің кәсіби әлеуетін дамытуға, білім беру ортасын жетілдіруге және мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған.
Даму жоспары білім беру ұйымының стратегиялық даму басымдықтарын айқындайды және білім алушылардың білім сапасы мен оқу нәтижелерін арттыруға бағытталған нақты мақсаттар, міндеттер, іс-шаралар, күтілетін нәтижелер мен нысаналы индикаторларды қамтиды.
Жоспарды іске асыру барысында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің орындалуына жыл сайын мониторинг және талдау жүргізіліп, жоспарланған және нақты нәтижелер салыстырылады. Мониторинг қорытындылары негізінде түзету шаралары белгіленіп, басқарушылық шешімдер қабылданады.

1. Білім сапасын арттыру

Даму жоспарының негізгі бағыттарының бірі — білім алушылардың білім сапасын арттыру және оқу жетістіктерінің тұрақты оң динамикасын қамтамасыз ету.
Осы бағытта:білім сапасына тоқсандық, жылдық және қорытынды талдау жүргізіледі;
пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жасалады;
білім сапасы төмен пәндер мен сыныптар анықталады; білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және толықтыру жұмыстары ұйымдастырылады; оқу үлгерімінің нәтижелері педагогикалық кеңестерде қарастырылады; білім сапасын арттыруға бағытталған түзету жұмыстарының нәтижелілігі бағаланады.
Күтілетін нәтиже: білім алушылардың білім сапасының тұрақты өсуі, оқу жетістіктерінің оң динамикасы және білімдегі олқылықтарды азайту.

2. Дарынды және қабілетті білім алушылармен жұмыс

Мектептің даму жоспары дарынды және қабілеті жоғары білім алушыларды анықтау, қолдау және олардың шығармашылық-зерттеушілік әлеуетін дамытуға бағытталған.
Осы бағытта:

- олимпиадаларға дайындық жұмыстары;
- ғылыми жобаларға қатысу;
- пәндік және шығармашылық байқаулар;
- зерттеушілік жұмыстар;
- халықаралық, республикалық және облыстық жобаларға қатысу ұйымдастырылады.

Күтілетін нәтиже: Республикалық, халықаралық олимпиада, ғылыми жоба және байқауларға қатысатын білім алушылар санын және жүлделі орындар үлесін кезең-кезеңімен арттыру. Нәтижелерді жақсарту.

3. Педагогтердің кәсіби дамуы

Даму жоспары педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және заманауи педагогикалық технологияларды білім беру процесіне енгізуге бағытталған.

Педагогтер:

- біліктілікті арттыру курстарына;
- семинарлар мен вебинарларға;
- әдістемелік бірлестіктер жұмысына;
- педагогикалық шеберлік байқауларына;
- тәжірибе алмасу іс-шараларына;
- зерттеу және шығармашылық жұмыстарға қатысады.

Педагогтердің кәсіби даму нәтижелері олардың сабақ беру сапасына, оқыту әдістерінің жаңаруына және білім алушылардың оқу жетістіктеріне ықпалы тұрғысынан талданады.

Күтілетін нәтиже: педагогтердің кәсіби және әдістемелік әлеуетінің артуы, тиімді педагогикалық тәжірибелердің таралуы.

4. Материалдық-техникалық базаны жетілдіру

Мектептің даму жоспарына сәйкес білім беру процесін сапалы ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық базаны кезең-кезеңімен толықтыру көзделеді.

Негізгі бағыттар:

- жаңа модификациядағы пәндік кабинеттерді жабдықтау;
- компьютерлер мен ноутбуктерді жаңарту;
- интерактивті панельдермен қамтамасыз ету;
- зертханалық жабдықтарды толықтыру;
- оқу кабинеттерінің заманауи құралдармен жабдықталуын арттыру;
- кітапхана қорын және электрондық ресурстарды толықтыру.

Күтілетін нәтиже: білім беру процесіне қажетті материалдық-техникалық жағдайларды нығайту.

5. Кәсіби бағдар беру жұмысы

Білім алушылардың болашақ мамандығын саналы таңдауына жағдай жасау мақсатында кәсіби бағдар беру жүйесі жетілдіріледі.

Әр білім алушы бойынша:

- қызығушылығы;
- қабілеті мен бейімі;
- оқу жетістіктері;
- таңдаған мамандығы;
- ҰБТ пәндері;
- кәсіби бағдар беру іс-шараларына қатысуы туралы мәліметтер жинақталып, талданады.

Күтілетін нәтиже: білім алушылардың жеке қабілеті мен қызығушылығына сәйкес мамандық таңдауына қолдау көрсету.

6. Білім сапасының ішкі мониторингі

Мектепте білім беру сапасын бағалау және басқару мақсатында ішкі мониторинг жүйесі жүргізіледі.

- Мониторинг барысында:
- білім сапасы;
- үлгерім;
- оқу жетістіктері;
- олимпиада және ғылыми жоба нәтижелері;
- ҰБТ нәтижелері;
- педагогтердің кәсіби даму көрсеткіштері;
- білім алушылардың сұраныстары;
- мектепішілік бақылау нәтижелері талданады.

Мониторинг нәтижелері педагогикалық кеңесте, әдістемелік кеңесте және мектеп әкімшілігінің жұмыс отырыстарында қаралып, нақты басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз болады.

Даму жоспарының орындалуын бақылау

Даму жоспарының іске асырылуы жыл сайынғы мониторинг арқылы бақыланады.

Мониторингтің негізгі кезеңдері:

1-кезең — жоспарлау: мақсаттар, міндеттер, іс-шаралар және нысаналы индикаторлар белгіленеді.

2-кезең — іске асыру: жоспарланған іс-шаралар жүзеге асырылады.

3-кезең — мониторинг: жоспарланған көрсеткіштер мен нақты нәтижелер салыстырылады.
4-кезең — талдау: орындалған жұмыстардың тиімділігі, қол жеткізілген нәтижелер және проблемалық мәселелер анықталады.
5-кезең — түзету: қажет болған жағдайда іс-шаралар мен нысаналы көрсеткіштерді жетілдіру бойынша басқарушылық шешімдер қабылданады.

Қорытынды

2026-2031 жылдарға арналған даму жоспары білім беру ұйымының стратегиялық даму бағыттарын жүйелі түрде іске асыруға мүмкіндік береді. Жоспарда білім сапасын арттыру, дарынды білім алушыларды қолдау, педагогтердің кәсіби дамуы, цифрлық білім беру ортасын жетілдіру, материалдық-техникалық базаны нығайту, зерттеушілік және кәсіби бағдар беру жұмыстарын дамыту бойынша нақты міндеттер айқындалады.

Даму жоспарының іске асырылу нәтижелері талдау материалдары, мониторинг қорытындылары, есептер, педагогикалық кеңес шешімдері, мектепішілік бақылау материалдары, статистикалық мәліметтер және ақпараттық жүйелердің есептері арқылы жүйелі түрде дәлелденеді.

Мектеп директоры: **Ы. А. Жаутиков**